



БІР-БІРІНЕ ЖАҚЫНДАУ

– зиянды әдеттерден алыстау

Ата-аналармен бірге сабақ БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана, 2016

Мұғалімдерге арналған ақпарат

«Бір-біріне жақындай түсу – зиянды әдеттерден алыстау» ата-аналарға арналған сабақтың бағдарламасы Еуропалық Кеңестің қаражаттарынан қаржыландырылатын, Орталық Азиядағы есірткіге тәуелділікке қарсы тұру бойынша бағдарламаның 6 кезеңінің (CADAP 6) шеңберінде әзірленген. CADAP 6 бағдарламасы ЕО және Қазақстанның Үкіметі арасындағы келісімнің негізінде жүзеге асырылады. «Бір-біріне жақындай түсу – зиянды әдеттерден алыстау» ата-аналарға арналған сабақтардың тізбегі еуропалық сарапшылардың және Қазақстанның сарапшылармен бірлесіп әзірленген. Сабақтар Қазақстан Республикасының Білім беру және ғылым министрлігінің және Жергілікті Әкімдіктермен келісіп өткізіледі.

Сөз сөйлеу

Отбасындағы құрылымдық өзара қарым-қатынас және ата-ананың балаларды тәрбиелеген кездегі дұрыс реакциясы психобелсенді заттарды қолдануды болдырмауға және өсіп келе жатқан ұрпақтың тәуекелді іс-қимылының үлгісін болдырмауға мүмкіндік беретін маңызды қорғаушы факторлардың бірі болып табылады. Балаларының қауіпсіздігі және дұрыс дамуы туралы уайымдайтын ата-аналар, олармен сөйлесуді және қиын жағдайда эмоциялық қолдау жасауды біледі, үйде зорлаусыз тәртіпті қамтамасыз етеді, балалардың бекітілген тәртіпті қалай сақтауы қажет екендігін және қандай отбасында қандай моралдық және рухани құндылықтардың барын түсіндіреді, сондай-ақ баласының бос уақыты кезінде кіммен өткізетінін байқайды.

Мысалы, ата-аналардың өсіп келе жатқан баласының бос уақыттағы іс-қимылын бақылауы және ағымдағы мәселелерді шешу кезінде қолдау жасау, мектепте немесе аулада «қиын» замандастарының теріс әсер етуіне кедергі бола алады. Осылайша, ата-аналар баласының тәуекелді іс-қимылының үлгісінің дамуын шектей алады, оның ішінде: басқыншылықты, темекі шегуді, ішімдікті немесе есірткіні қолдануы.

Сабақтың жалпы мақсаты

Сабақтың мақсаты ата-аналарда жасөспірімдерге төніп тұрған қауіптерді, оның ішінде: темекі шегу, ішімдікті немесе есірткіні қолдануды дер кезінде байқауды қалыптастыру.

Сабақтың мақсаттарын егжей-тегжейлі сипаттау

- Ата-аналарда балалардың психобелсенді заттарды қолдануын тоқтататын және оларды өтпелі кезеңдегі әртүрлі қауіптерден қорғай алатын отбасылық ережелерді ұстануды күшейту;
- Ата-аналарда психобелсенді заттармен сынақтар жүргізудің пайда болуы туралы ескертуші дабылдарды байқауды күшейту;
- Жергілікті ортада (қалада/елде) едәуір әйгілі психобелсенді заттардың тақырыбына ата-аналардың білімін тереңдету;
- Ата-аналарға жедел отбасылық араласу жоспарын ұсыну және жасөспірімдердің үйде орнатылған ережелерді (мысалы, темекі шегу, ішімдікпен немесе есірткімен сынақтар) сақтамауына барабар реакцияны дағдылау;
- Ата-аналарға психобелсенді заттарды қолданатын жастарға арналған арнайы көмек туралы кең ақпарат ұсыну;
- Ата-аналардың өтпелі кезеңде пайда болатын қауіп тақырыбына білімдерін тереңдету және олардан қорғанудың маңызды факторы ретінде, мықты отбасылық қарым-қатынастардың және бірігіп уақыт өткізудің маңыздылығын белгілеу.

Сабақтың жоспары

Ата-аналарға арналған сабақтардың бағдарламасы жоспарланатын ата-аналардың жиналыстарына қосымша ретінде мектептерде ұйымдастырылатын, ата-аналармен 45-60 минуттық кездесулерден тұратын үш кезеңнен тұрады. Тиімді нұсқа болып бұл сабақтарды бір айлық үзілістермен өткізу табылады. Кездесулер арасындағы уақыттың мұндай аралығы ата-аналарға артық асығыссыз осы бағдарламаның маңызды элементі болып табылатын үй тапсырмасын орындауға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы ата-аналар үшін 3 кездесудің бірінші кезеңі

Сабақтар кезеңі келесі тақырыптарды қамтиды:

«*Бізді қандай қауіптер күтіп тұр және біз не істей аламыз*» тақырыбына бірінші кездесуде, ата-аналардың назары пайда болған қауіптің алдындағы отбасылық ережелер мен нормалардың рөліне және оларды сақтау тәсілдеріне аударылады, сондай-ақ баланың психобелсенді заттармен сынақтарды бастағанын қалай дер кезінде байқауға болатыны туралы практикалық ақпарат ұсынылады.

«*Көп білген сайын көп нәрсені көресің және көмектесе аласың*» тақырыбына екінші кездесуде, ата-аналардың назарына психобелсенді заттар, жедел отбасылық араласу тәсілдері және «қиын» жастарға көмек көрсететін мекемелер тақырыбына өзекті ақпарат ұсынылады.

«*Есею кезеңі – ата-аналар үшін сынақ*» тақырыбына үшінші кездесу кезінде өтпелі кезеңдегі қалыпты қиындықтар талқыланады және мықты отбасылық қарым-қатынастардың және бірге уақыт өткізудің ерекше маңыздылығы белгіленеді.

Сабақты өткізудің талаптары

Кездесулерде ресми емес және достық қарым-қатынастар туралы ойлау қажет және ата-аналарды оларды ұйымдастыруға жәрдемдесуге тарту. Кездесулердегі ахуалдың жоспарлы ата-аналар жиналысына қарағанда қарапайым болуы өте маңызды. Орындықтарды және парталарды басқаша қоюға болады, шеңбер жасап немесе ата-аналармен бір үстелге отыруға болады, үстелдерді таға түрінде қоюға болады. Ата-аналармен бірігіп шәй/кофе дайындауға болады, егер мектепте ол үшін қаражат және мүмкіндіктер болса.

Ата-аналарға таратылатын материалдардың (мысалы, үндеухат, алаңдататын іс-әрекеттердің үлгілерінің тізімі, үй тапсырмаларын сипаттау және т.б.) сәйкес санды даналарын дайындау өте маңызды.

«Нұсқаушылардың» телефондары

Ата-аналармен кездесулерге қатысты сұрақтар туындаған жағдайда, «Бір-біріне жақындай түсу – зиянды әдеттерден алыстау» бағдарламасының ұлттық нұсқаушыларына хабарласыңыздар.

Аты және тегі	Телефон	Электрондық почтаның мекенжайы	Жұмыс орны	Жұмысының мекенжайы

I-САБАҚ

Бізді қандай қауіптер тосып тұр және біз не істей аламыз?

Ұзақтығы (60 минут)

ЖАЛПЫ МАҚСАТТАРЫ

1. Ата-аналарда әртүрлі қауіптерге, оның ішінде балалар арасында психобелсенді заттарды қолдануды болдырмауға көмектесетін ережелерді ұстану машықтарды ұстануды қалыптастыру.
2. Ата-аналарда баланың есірткіні қолданатынын растайтын дабылдарды дұрыс түсіну және анықтау машықтарын қалыптастыру.

ЖҰМЫС ТӘСІЛДЕРІ

- Дәріс
- Пікірталас
- Кіші топтардағы практикалық жұмыс

ҚАЖЕТТІ МАТЕРИАЛДАР

- флипчарт (+оған қажетті қағаз және фламастерлер) немесе сыныптағы қарапайым тақта;
- қағаз парақтары;
- қаламдар.

САБАҚ ЖОСПАРЫ

Ата-аналармен сәлемдесу және оларға сабақтың мақсатын және жоспарын ұсыну (шамамен 10 минут)

Мақсаты

Қатысушыларды тақырыппен қызықтыру үшін сабақтың мәселесін түсіндіру. Келесі екі кездесудің мерзімі және бірінші және екінші кездесулерде берілетін үй тапсырмалары туралы ақпарат.

Егжей-тегжейлі сипаттау

Жүргізуші (сынып жетекшісі) ата-аналармен сәлемдеседі және сабаққа* қатысу үшін уақыт тапқандары үшін алғыс айтады.

Сынып жетекшісі сабақта достық қарым-қатынастарды қамтамасыз етуі қажет. Мысалы, сыныптағы парталарды және орындықтарды басқаша қоюға болады, ата-аналармен бір үстелге отыруға болады, үстелдерді таға түрінде қоюға болады, шәй/кофе және оған жеңіл тамақтар (кәмпит, піспенан) ұсынуға болады. Сабақтың «ресми емес», достық қарым-қатынастарда өткені маңызды және сабақтағы бағалар мен үлгерімдер талқыланатын ата-аналар жиналысына ұқсамауы қажет.

Назар аударыңыз!

**Ата-аналардың мектепке баласының «жаман» қылықтары үшін шақырылдым деп ойламауы және жастарда туындаған мәселелерді тек олар ғана жоя алатынын түсінуі өте маңызды.*

Сынып жетекшісі сабақтар тізбегін (ата-аналармен үш кездесу) ұйымдастырудың мақсатын және олардың негізгі тақырыбы балалардың және жастардың өтпелі жастағы іс-қимылдық мәселелерін, мысалы, темекі шегуді, ішімдікті және есірткіні қолдануды жою және ата-аналардың бұл үдерістегі рөлі екендігін түсіндіруі қажет.

Сынып жетекшісі сондай-ақ кездесу кезінде бірлесіп жасалатын жұмыс қалай болатынын түсіндіреді. Ол ата-аналар өз ойларын айта алатын, жұптасып пікірталастар немесе шағын топтардағы талқылаулар, сондай-ақ ата-аналармен әңгімелесулер болатынын айтады.

Ата-аналарды бір-бірімен таныстыру (5 минут)

Мақсаты

Сабаққа қатысушылар өздерін қауіпсіз сезінетіндей топтарды біріктіру.

Егжей-тегжейлі сипаттау

Сынып жетекшісі сабаққа қатысатын ата-аналардан „Мен - X Y, Y анасы/әкесі ” *нысанында өзін таныстыруды ұсынады.

„Есіміңізді және осы сыныпта оқитын қызыңыздың/ұлдың атын есімізге түсіріңізші

Бұдан кейін сынып жетекшісі ата-аналардан өзін таныстырғаны үшін алғыс айтады және келесі жаттығуға көшеді.

Практикалық жаттығу: „Ережелер және оның салдары” (20 минут)

Мақсаты

Ата-аналарға балаға нақты шектеулер қою және оларды ұстанбаудың салдарын түсіндірудің қажеттілігін көрсету. Бұл жаттығуға сөз сөйлеу болып мұғалімнің түсіндірмесі табылады. Сынып жетекшісі төмендегі түсіндірмелерді пайдалана алады.

Мұғалімнің 1-ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ

Балаларға, әсіресе жасөспірімдерге шектеулер қою қажет – олар іс-қимылдың нақты ережелерін ұстынуы қажет. Бұл ережелер өмірде қалай өмір сүрген дұрыс екендігін, ненің жақсы, ненің жаман екендігін көрсетеді. Әдетте баланың бірінші танысатын ережесі іс-қимылдың жалпы нормаларына немесе нақты дәстүрге байланысты ережелер. Көбінесе бұл ережелер үлкенді сыйлауға, өзінің жеке кеңістігін сыйлауға, зорлықты қолданбауға, үйдегі міндеттеріне, отбасы өміріне араласуға байланысты.

Ата-аналар – бұл баланың алағашқы «мұғалімдері», олар осы ережелерді қорғайды және оларды бұзу шектерін және салдарын анықтайды. Балалар жамандық болса, ол мәселелерді ата-аналар шешеді деп ойлайды. Балалар ата-аналарды қиын кезде қол ұшын беретін жақтасы болғанын қалайды.

Егер ата-аналар тым көнегіш болса, ал отбасы мүшелері нақты ережелерді ұстанбаса, онда жасөспірімдер өздерін қоғамда ұстай алмайды және іс-қимылдың жалпыға бірдей нормаларын сақтай алмайды. Егер ата-аналар тым қатал болса және баласының ойымен санаспай, қаталдықпен қадағаласа, бұл байбаламға әкеледі және өзінің тәуелсіздігін көрсетуін және қатал ережелермен немесе үнемі қадағалаумен күресуге әкеледі.

Қандай ережелер балаларға, қандай ересектерге және қандай барлығы үшін бірдей екендігін анықтау өте маңызды.

Егжей-тегжейлі сипаттау

Сынып жетекшісі ата-аналардан жұптасуды сұрайды (бұл мысалы, қасында отырған ата-аналар) және олардың отбасыларындағы іс-әрекет ережелерін талқылауды сұрайды:

- Сіздің отбасыңызда балалар қандай ережелерді ұстануы қажет?
(Мысалы, үйге уақытында келу)
- Сіз балалардың бұл ережелерді түсінетінін қайдан білесіз?
(Мысалы, баламен әңгімелесудің негізінде)

Ата-аналар бұл ережелерді және нормаларды қағаздың парағына жазады. Бұдан кейін, сынып жетекшісі бірнеше адам жиналғандардың барлығына осындай отбасылық ережелерді, көрсетуді сұрайды (мысалы, «біз әрдайым сағат ... түскі тамақ ішеміз»; «менің балам әрдайым мектептен уақытында келуі керек», «біз әрдайым қайда баратынымызды және нешеде үйге келетінімізді айтамыз»). Ережелер тақтаға жазылады.

Бұдан кейін сынып жетекшісі сұрақ қояды: «Баласы бекітілген ережелерді бұзған жағдайда ата-аналар қандай әрекет жасайды?»

- ата-аналар бұндай жағдайдағы өздерінің әрекет тәсілдерін ұсынады. Сынып жетекшісі оларды тыңдайды, одан кейін түсіндірмесін айтады:

Мұғалімнің 2-ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ

Жастар ережелерді бұзудың салдары туралы білу қажет және бұндай жағдайларда әділ жазаланатынын білу қажет. Жас адам сәтсіздік кезде ол сынға және шеттеуге кездеседі деп үміттенеді. Ата-аналардың өте жұмсақ және сенімді серіктес болуы – өздерін уәде бергендей ұстаса және өздерінің әлсіздіктерін, қателерін және білмегендіктерін білгендері өте маңызды. Салдары іс-әрекет ережелері ретінде қабылдану қажет. Бала олармен келіспеуі мүмкін, өйткені оларды ата-аналар орнатады. Мысалы, «Дүйсенбіден бастап мен тек кір киімдер салатын себеттің ішіндегі киімдерді жуамын». Өрбір ережені бұзу табиғи түрде жазалауға әкеледі, мысалы, егер сен үйге біз келіскен уақытта келмесең, онда келесі демалыста сен ешқайда бармайсың; егер сен мектептің қабырғаларына жаман сөздер жазсаң немесе сурет салсаң, онда сен ол жерлерді ақтауың керек және т.б.

Жазалау тиімді болуы үшін, олар келесідей болуы қажет:

- алдын-ала белгілі
- қатаң, бірақ кемсітпейтін
- «кінәға» барабар болуы керек
- дереу (уақыты ұзармауы керек, мүмкіндігіне қарай ережені бұзғаннан кейін лезде болуы керек)
- кезең кезеңмен – қажет болуына қарай және кінәнің ауырлығына қарай қатаң болуы керек
- балаға түсінікті – ол не үшін жазаланғанын түсінуі керек.

Жазалауды анықтаған кезде нені болдырмау керек:

- көк
- тиісті емес әрекетті мадақтау
- ата-аналар орындай алмайтын қорқытулар және уәде беру
- айыптыны ұялту
- тек жазалауды көздеу және баланың іс-әрекетіне тиісті болса мадақтамау.

Жазалау тәрбиелеудің жалғыз құралы еместігін есте сақтау қажет.

Егер бала бекітілген ережелерді бұзбасы балаға сыйлық беру және мадақтау керек.

Практикалық жаттығу: «Менің баламның темекі шеккенін, ішімдік ішкенін және есірткіні қолданып көргенін неден білуге болады?» (20 минут)

Мақсаты

Ата-аналардың «ескертуші дабылдар» тақырыбын терең білуі және ата-аналардың іс-әрекеттің қауіпті үлгілерінің алдын алудағы рөлі тақырыбына әңгімелесу.

Егжей-тегжейлі сипаттау

Сынып жетекшісі, қатысушыларды үш кіші топқа бөледі*. Әрбір топтағы ата-аналар бірігіп сол мәселені шешеді, бірақ әртүрлі «психобелсенді заттарға» қатысты. Әрбір кіші топ өзінің өкілін (команданың көшбасшысын) таңдайды, ол оның ұсыныстарын жалпы пікірталасқа ұсынады. Сынып жетекшісі әрбір топқа қағаздың парағын және қалам таратады.

**Қатысушыларды кіші топтарға әртүрлі бөлуге болады. «Бірінші, екінші, үшінші» болып саналуды сұрайға болады. Одан кейін «біріншілер» «біріншілермен», «екіншілер» «екіншілермен», «үшіншілер» «үшіншілермен» отырады.*

Ата-аналар келесі сұрақты талқылайды: «Баламның келесілерді қолданатынын қалай білуге болады:

- а) темекі шегетінін? (1 кіші топ)
- б) ішімдік ішетінін? (2 кіші топ)
- в) өзге психобелсенді заттарды?» (3 кіші топ)

Әрбір кіші топ өздерінің бақылауын қағаз парағына жазады.

Әрбір жаттығуға берілген уақыт аяқталғаннан кейін, сынып жетекшісі әрбір кіші топтан бірігіп талқылаудың нәтижесін ұсынуды сұрайды. Қалғандары әрбір кіші топтың айтқандарын мұқият тыңдайды, ал сынып жетекшісі келесі сұлба бойынша тақтаға «дабылдарды» жазады:

Психобелсенді заттар	Іс-қимылдағы өзгерістер	Сыртқы бейнесіндегі өзгерістер
Шылым		
Ішімдік		
Есірткі		

Қажет болған жағдайда сынып жетекшісі ата-аналарды толықтырады және қорытынды (түсіндірмелер) жасайды.

Мұғалімнің ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ

Әрбір жасөспірім ересектерден қандай да болмасын психобелсенді заттардың бірін қолданатынын жасарады. Бірақ қандай да болмасын психобелсенді заттардың бірін қолданатын кез келген жасөспірімде, тәжірбелі байқаушы оларды қолдануын білдіретін машықтарды анықтай алады. Бастапқыда бұндай машықтар аз болады, бірақ жасөспірім психобелсенді заттарды көп қолданған сайын «алдын ала ескертуші дабылдар» көп пайда бола бастайды.

Баласында темекі шегудің немесе ішімдік ішудің бірінші машықтары байқалған кезде ата-аналар оған қатты мән бермейді, өйткені олар бұндай жағдай олардың отбасында және олардың балаларында болуы мүмкін емес деп ойлайды. Алайда, жасөспірімдердің өтпелі кезеңінде бұндай сынақтар жиі болып тұратынын есте сақтау қажет, сондықтан ата-аналардың қауіпті дабылдарды басынан бастап байқауы өте маңызды. Ата-аналар ерте іс-әрекет жасай бастаса, көмек көрсету тиімді болады.

- Кейбір жағдайларда, егер ата-ана баласына көмектесе алмайтынын сезсе, білікті мамандарға жүгінген дұрыс. Баладағы барлық өзгерістер психобелсенді заттарды қолданудан болмайтынын есте сақтау керек. Олардың себебіне отбасындағы және мектептегі мәселелер, бақытсыз махаббат, әсерлі қақтығыстар және өзге көптеген жағдайлар болуы мүмкін. Бұндай мәселелерге де тиісті назар аудару қажет.

Ата-аналар баласын қадағалай отырып, оны жеткілікті түрде білдіртпей жасау керек. Балаға негізсіз ұрсуға немесе кінәлауға болмайды. Бұл наразылық тудыруы және қарым-қатынасты бұзуы мүмкін.

Сабақтың аяқталуы (5 минут)

Егжей-тегжейлі сипаттау

Қорытындысында сынып жетекшісі:

Дидактикалық материалдарды таратады (Алаңдатуды тудырған іс-әрекеттер - №1-қосымша, сондай-ақ психобелсенді заттар туралы үндеухаттар).

Орындау нұсқаулығы бар, үй тапсырмасын береді.

Ата-аналарды жоспарланған келесі сабаққа шақырады.

Дидактикалық материалдар

1. №1-қосымша „Алаңдатуды тудырған іс-әрекеттер” (басып шығарылған)

2. №2-қосымша. «Отбасылық қауіпсіздік ережелерінің тізімі».

1-үй тапсырмасы – нұсқаулық

1. Отбасында балаңыздың қауіпсіздігіне байланысты және балаларды темекі шегуін, ішімдік пен есірткіні қолдануын алдын ала ескертетін бекітілген ережелерді талқылаңыз. Осы тапсырманы орындаған кезде сізге басқа отбасыларында талқыланған және өткізілген ойлар көмектесуі мүмкін. Сіз келісетін кем дегенде үш ережені таңдап алыңыз және оларды Отбасылық қауіпсіздік ережелерінің тізіміне енгізіңіз. Өрбір отбасы тізімге ұсынылып отырған ережелердің ішінде жоқ, өзінің ережесін енгізе алады (сынып жетекшісі ата-аналарға №2-қосымша «Отбасылық қауіпсіздік ережелерінің тізімін» таратады).

2. Келесі кездесуге Өзіңіздің Отбасылық қауіпсіздік ережелерінің тізімін әкеліңіз және өзіңіздің тәжірибеңіз және күйеуіңізбен немесе әйеліңізбен әңгімелесу нәтижелері туралы айтуға дайындалып келіңіз.

II-САБАҚ

Көп білген сайын, көп нәрсені көресің және көмектесе аласың

Ұзақтығы (60 минут)

САБАҚТЫҢ ЖАЛПЫМАҚСАТЫ

- Ата-аналардың аталмыш қаланың/елдің жастары жиі пайдаланатын психобелсенді заттар туралы тақырыпты білу деңгейін өсіру
- Ата-аналардың тұрмыстағы араласу, яғни балалардың бекітілген тәртіпті бұзуына (мысалы, шылымға, ішімдікке немесе есірткіге байланысты сынақтар) ата-ананың реакциясы туралы тақырыпты білу деңгейін өсіру
- Психобелсенді заттар тақырыбына балалармен әңгімелесу өткізуді ұсыну
- Есірткіге тәуелділерге және олардың жақындарына көмек көрсететін ұйымдар туралы негізгі ақпарат.

МЕТОДЫ РАБОТЫ

- Лекция
- Дискуссия
- Практическая работа в подгруппах
- „Снежный ком”

ҚАЖЕТТІ МАТЕРИАЛДАР: жұмыс формулярлары, фломастерлер/қаламдар

САБАҚ ЖОСПАРЫ

Ата-аналармен сәлемдесу (5 минут)

Мақсаты

Сабаққа қатысушылар өздерін қауіпсіз сезінетіндей топтарды біріктіру.

Егжей-тегжейлі сипаттау

Жүргізуші (мұғалім) ата-аналармен сәлемдеседі (екінші рет келгендерге және бірінші рет келгендерге және т.б. алғыс айтады). Осы сабақтарда жалғастырылатын және жастар арасындағы темекі шегу, олардың ішімдік немесе есірткі қолдану тақырыптары туралы еске түсіреді.

Мұғалім сабақтардың егжей-тегжейлі жоспарын ұсынады және ата-аналардан ұсынылған тақырып бойынша ойларын сұрайды.

Үй тапсырмасын тексеру (10 минут)

Егжей-тегжейлі сипаттау

Мұғалім ата-аналарды шағын топтарға (4-5 адамнан) бөледі. Топтың мақсаты Отбасылық қауіпсіздік ережелері тақырыбына ақпарат алмасу және осы тақырып бойынша үйде күйеуіме/әйелімен немесе отбасының өзге мүшесімен әңгімелесу.

Нәтижесінде мұғалім әрбір топта неше адам үй жұмысын толық орындағандығын сұрайды. Үй тапсырмасын орындамағандардан, тездетіп орындауды өтінеді. Тапсырманы орындаған ата-аналарға жазып алған қауіпсіздік ережелері сабақтарда әлі қажет болатынын хабарлайды және жазғандарын сақтап қояды өтінеді.

Жаттығу

„Жедел отбасылық араласу” (20 минут)

Мақсаты

Ата-аналардың балалардың психобелсенді заттарды қолдануынан сақтайтын (отбасындағы жақсы қарым-қатынастар) және отбасылық араласудың сәттілігіне жауап беретін негізгі факторлар туралы тақырыпты білу деңгейін өсіру.

Қажетті материалдар

Жұмыс формуляры „Жедел отбасылық араласу жоспары” (№3-қосымша)

Егжей-тегжейлі сипаттау

Баласы психобелсенді заттарды қолдануды бастағын отбасындағы қиын жағдайдан шығу жолдарын ата-аналардың талқылайтынын және шешу жолын табуын түсіндіреді. Араласудың жалпы сұлбасы ұсынылған жұмыс формулярлары (№3-қосымша) таратылады. Қатысушылар ұсынылған жоспарды мұқият оқиды (оларға оқу үшін бірнеше минут беру қажет), одан кейін жүргізуші қиялды жағдайды ұсынады. Қатысушылардың ішінен қысқаша сахналауға* қатысатын екі үміткер таңдалынады.

***Нұсқаулық:**

Екі үміткерді таңдайы: бірі шешесі/әкесі, екіншісі ұлы/қызы болады. «Шешесі/әкесі» қиялды жағдайдың қысқаша сипаттамасын алады және оның іс-қимылын білу үшін «баласымен» сөйлесуі, оған төнетін қауіптер және ережені бұзу әкеп соғатын салдар туралы, мысалы: «Мен ішімдік қолданбаймын» деп түсіндіруі қажет. Сөйлесу таратылған «Жедел отбасылық араласу жоспарының» - №3-қосымша негізінде жүргізілуі қажет.

Қосымша материал

егер мұғалім бұндай тапсырма ата-аналардың теріс реакциясына әкелетінін, ал топта сахналыққа қатысушылар жоқ болатынын білсе, онда ол ұсынылған тапсырманың орнына жедел отбасылық араласу жоспары туралы ата-аналармен сөйлеседі.

Мұғалімнің ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ

Бұл тапсырма аяқталғаннан кейін мұғалім жедел отбасылық араласуға ата-аналарға қызының/ұлының іс-әрекетінде нақты не мазалайтыны туралы нақты ақпараты бар қысқаша қорытынды жасайды. Сондай-ақ, ата-аналар баласы қандай жағдайларда темекі шегуді немесе ішімдік ішуді бастағанын сұрауы қажет. Ата-аналар баласынан мектепте немесе мысалы, құрбыларымен қандайда болмасын едәуір күрделі мәселенің бар болуын сұрауы өте маңызды. Араласу біз баладан тоқтату (темекі шегуді, ішімдік ішуді) үшін не күтетініміз туралы нақты ақпаратпен аяқталуы қажет. Ата-аналар сондай-ақ ұлының/қызының іс-әрекеті құқық бұзушылық деп саналатынын ескертуі қажет. Баласының мәселесін шешуге жататын, отбасының жалпы мәселесі деп анықтау өте маңызды. Баласы ата-анасының көмектескісі келетінін, ал араласу олардың қамқорлығы екендігін сезінуі қажет.

Жаттығу

Сіз психобелсенді заттарды (шылым, ішімдік, есірткі) қолдану мәселесімен кездескен жасөспірімдерге және отбасыларына көмек көрсететін қандай ұйымдарды (жастар және олардың жақындары үшін) және орталықтарды білесіз? (10 минут)

Мақсаты

Ата-аналардың маңызды рөлін атап өте отырып (ынтымақтастық және ақпарат алмасу кезінде), есірткіге тәуелділерге көмек көрсететін жергілікті ұйымдар туралы мәліметтер.

Қажетті материалдар

„Ақпарат беруші – жастарға көмек көрсететін (оның ішінде психобелсенді заттарды қолданумен байланысты мәселелер кезінде) ұйымдардың тізбесі” формуляры (№4-қосымша).

Егжей-тегжейлі сипаттау: „жентек қар” тәсілі

Мұғалім ата-аналарды 3 топқа бөледі. Ол қасында отырған ата-аналардан топқа бірігуді сұрайды (мысалы, 12345/12345/12345 және т.б.).

Әрбір топ таза қағаздың парағын алады. Топтар ойланады және қағаз параққа қатысушыларға белгілі, ата-аналар және балалар көмек сұрап бара алатын мекемелердің мекенжайларын және телефон нөмірлерін жазады: бірінші топ – егер бала темекі шексе, екінші топ – егер ішімдік ішсе, үшінші топ – егер бала есіркіні, медициналық препараттарды қолданса немесе желімді иіскесе.

10 минуттан кейін мұғалім топтағы бір адамнан жұмыстарының нәтижелерін айтып беруді сұрайды. Ата-аналардың мекемелердің нақты мекенжайларын немесе телефон нөмірлерін білмей қалуы мүмкін.

Мұғалім жаттығуды аяқтайды, кейбір жағдайда ата-ананың араласуы, күтетін нәтиже бермейтінін және бала өзінің тәуекелді іс-әрекетін жалғастыра беретінін және зиянды әрекетін тоқтатпайтынын атап өтеді. Бұндай жағдайларда кәсіби көмекке жүгіну қажет немесе бұндай мәселені қалай шешуге болатының айтатын сәйкес мекемеге телефон соғуға болады. Мұғалім көмек сұрап хабарласуға болатын, жақын жердегі мекемелер туралы ақпаратты ата-аналар үшін дайындап қойғандығын хабарлайды және ата-аналарға №4-қосымшаны таратады.

Сабақтың аяқталуы (5 минут)

Кездесу аяқталғаннан кейін мұғалім ата-аналардан келесі сөйлемдерді аяқтауын сұрайды:

Бұл кездесу мен үшін өте маңызды болды, өйткені мен келесі туралы білдім.....

Немесе

Бүгінгі сабақтан ең басты білгенім, бұл -

Ата-аналар ойларын айтып болған соң, мұғалім дидактикалық материалдар (жедел отбасылық араласу жоспары – №3-қосымша, көмек көрсететін мекемелердің тізбесі – №4-қосымша) таратады.

Үй тапсырмаларын түсіндіреді және нұсқаулықтар таратады

Ата-аналарды жоспарланған келесі кездесуге шақырады.

Назар аударыңыз!

Егер сабақ кезінде кейбір ата-аналар баласы есіркі қолданып көргенін мойындаса, оларға кеңес беру немесе мүмкін терапия немесе емдеу туралы егжей-тегжейлі айтып беретін маманмен (психолог/дәрігер/терапевт) кездесуді ұйымдастыруы қажет.

Дидактикалық материалдар

1. «Жедел отбасылық араласу жоспары» - №3-қосымша
2. „Біздің қаладағы жастарға көмек көрсететін ұйымдардың тізбесі” – №4-қосымша

Үй тапсырмасы – нұсқаулық (10 минут)

Балаңызбен (балаларыңызбен) психобелсенді заттарды қолданудың салдары туралы сөйлесіңіз және оған/оларға өзіңіздің үмітіңізді және ережелеріңізді ашық айтыңыз.

Егер мүмкін болса, балаңызға (балаларыңызға) «Отбасылық қауіпсіздік ережелерінің тізімін» көрсетіңіз. Балаңызға (балаларыңызға) бұл ережелерді ұстану неге маңызды екендігін айтыңыз. Төменде қауіпсіздік ережелері тақырыбына балалармен әңгімелесуге көмек көрсететін бірнеше нұсқалар келтірілген.

Мысалдар

Мен дәрігер емеспін, бірақ темекінің денсаулыққа зиянды екендігін білемін, ал ішімдік және есірткі тек қана денсаулыққа зиян келтірмейді, сонымен қатар мезгілсіз қазаға әкелуі мүмкін. Бұл заттар жас адамға ерекше қауіпті. Сондықтан біреу осы заттардың бірін қоданып көруді ұсынса, одан бас тарту маңызды.

Өмірде сені көптеген қызықтар күтіп тұр. Мен сенің алдыға қойған мақсаттарыңа кедергісіз жетуіңді тілеймін. Егер сен ішімдік ішсең немесе есірткі қолдансаң, онда апатқа түсуің, аурып қалуың және тіпті өліп қалуың мүмкін. Сондықтан оны жасама. Сен біз үшін өте қымбатсың, біз сені жақсы көреміз және саған жаман бірдеңенің болғанын қаламаймыз.

Жүргізушісі мас (егер ол ішімдік ішсе немесе есірткі қолданса) машинаға ешқашан отырма. Қандай жағдай болса да маған телефон соқ, ал мен үйге аман-есен келуіңе тырысамын.

Темекі шегу өте зиян. Ол үшін уақыт та, ақша да, күш-қуат та жібергің келмейді. Оны қолданбаған дұрыс, өйткені оларға дағдылану өте оңай, ал одан арылу өте қиын. Сондықтан сенің темекі шекпегеніңді қалаймын.

III-САБАҚ

Есею кезеңі – ата-аналар үшін сынақ

Ұзақтығы (60 минут)

МАҚСАТЫ

Ата-аналардың баласының өспелі жасындағы қарапайым қиындықтарымен күресе білуі.

ЖҰМЫС ТӘСІЛІ

- Дәріс
- Пікірталас
- Кіші топтардағы практикалық жұмыс

ҚАЖЕТТІ МАТЕРИАЛДАР

- флипчарт (+оған қажетті қағаз және фламастерлер) немесе сыныптағы қарапайым тақта;
- қағаз парақтары;
- қаламдар

САБАҚ ЖОСПАРЫ

Ата-аналармен сәлемдесу (5 минут)

Мақсаты

Сабаққа қатысушылар өздерін қауіпсіз сезінетіндей топтарды біріктіру.

Егжей-тегжейлі сипаттау

Жүргізуші (сынып жетекшісі) ата-аналармен сәлемдеседі (үшінші рет келгендерге және бірінші рет келгендерге және т.б. алғыс айтады). Осы сабақтарда жалғастырылатын және жастардың психобелсенді заттарды қолдану тақырыптары туралы еске түсіреді. Сынып жетекшісі сабақтың егжей-тегжейлі жоспарын ұсынады..

Үй тапсырмасын тексеру (10 минут)

Егжей-тегжейлі сипаттау

Сынып жетекшісі ата-аналарды шағын топтарға (4-5 адамнан) бөледі. Топтың мақсаты балалардың психобелсенді заттарды қолданудың салдары тақырыбына және Отбасылық қауіпсіздік ережелерге қатысты әңгімелесу туралы ақпарат алмасу.

Нәтижесінде сынып жетекшісі әрбір топта неше адам үй жұмысын толық орындағандығын сұрайды және үй тапсырмасын орындамағандардан, тездетіп орындауды өтінеді.

1-жаттығу.

Топтық жұмыс (10 минут)

Ведущий спрашивает родителей, как им нравилось проводить свободное время, когда они были в возрасте своих детей. Ответы родителей записываются на одной половине доски, которая заранее делится пополам вертикальной линией. После этого, ведущий спрашивает, как их дети любят проводить свободное время. Ответы также записываются на доске на другой половине, после чего участникам задается вопрос, какие общие черты и какие различия они видят в способах времяпрепровождения своих детей и своего, когда они были в их возрасте. Возможные вопросы:

- Сіз қазіргі және бұрынғы бос уақытты өткізу тәсілдерін салыстырған кезде нені елестетесіз?
- Сіз қазіргі және бұрынғы бос уақытты өткізу тәсілдерінде ұқсастықты немесе маңызды айырмашылықты көріп тұрсыз ба?
- Сіздің жасөспірімдік жылдарыңызда, сондай-ақ қазіргі сәтте бос уақытты өткізу тәсілдерінің ішінде не басым болды?

Мұғалімнің ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ

Сынып жетекшісі жаттығудың қорытындысын шығарады және жастардың бұрын және қазір бос уақытты өткізу тәсілдері арасында маңызды айырмашылықтарына назар аударады. Ол ата-аналардың балаларымен бірге өткізген уақыты отбасының мүшелерін жақындататынын және отбасындағы қарым-қатынастарды нығайтатын маңызды фактор екендігіне ерекше көңіл бөледі. Отбасындағы қарым-қатынастар – бұл жастарды темекі шегу немесе ішімдік ішу, сондай-ақ «жаман топта» болуын, әлеуметтік қарсы іс-әрекет және т.б. сияқты әртүрлі қауіпсіздіктерден қорғай алатын маңызды факторлардың бірі.

Қазақстанда жастарды іс-әрекеттің мәселелі үлгісіне және тәуелділікке, оның ішінде нашақорлыққа тартылу тәуекеліне сынақ жүргізілді. Сынақта бос уақытты өткізу мен тәуелділікке түсі тәуекелі арасында өзара байланыс анықталды. Атап айтқанда, қандайда болмасын бос уақытты өткізуге кететін уақыт, сондай-ақ уақыт өткізуден қанағаттану дәрежесі қарастырылды. Тәуелділікке түсудің жоғары тәуекелі бар тұлғалар, оқуға аз уақыт бөледі, сондай-ақ ата-аналарымен, ағаларымен және әпкелерімен аз уақыт өткізеді. Сонымен қатар, адамдар әлеуметтік желіде көп араласады және сәйкесінше, интернетте көп отырады, клубтарға, дискотекаларға жиі барады, музыканы көп тыңдайды және кітапты аз оқиды.

Сондай-ақ тәуелділікке түсуден алыс жастар сабақтан, ата-аналарымен, ағаларымен және әпкелерімен араласудан, сондай-ақ достарымен араласудан көп қанағаттанатыны қызықты. Бұдан басқа, олар клубтарға, дискотекаларға барудан, ТВ көруден және кітап оқудан көп қанағаттанады.

Осылайша, сабаққа аз уақыт бөлетін, сондай-ақ отбасымен, достарымен араласудан қанағаттанбайтын тұлғаларда тәуелділікке түсу тәуекелі жиі байқалады.

(<http://www.rnpc.kz/images/friski.pdf>)

2-жаттығу.

Шағын топтармен жұмыс (15 минут)

Сынып жетекшісі 5 адамнан тұратын топтарға бөледі (ата-аналар 1,2,3,4,5-ке саналады, әрбір топта 1-ден бастап 5-ке дейінгі нөмірлері бар ата-аналар болады). Әрбір топқа қағаз парағы және қалам таратылады.

Әрбір топтың мақсаты бірігіп уақыт өткізудің едәуір көп тәсілдерін ойлап табуы қажет, егер ол үшін қосымша қаржылық қаражаттар болмаса. Бұл жұмыстың нәтижесі балалармен бос уақытты қызықты өткізуге ұсыныстардың тізімі болып табылады.

Сынып жетекшісі әрбір топтан бір адамнан жұмыс нәтижесін көрсетуді сұрайды. Балалармен бос уақытты бірге өткізу бойынша қызықты ұсыныстарды тақтаға жазуға болады.

Бұдан кейін, сынып жетекшісі жасөспірімдік кезеңмен байланысты қауіптер тақырыбына шағын-дәріс өткізеді.

Шағын-дәрістің мазмұны – 10 минут

Өспелі жаста жасөспірімдер арасында қиын іс-қимылдардың үлгісінің пайда болуы тәуекелі өседі. Олардың кейбір тақырыбына біз әңгімелесейік.

- Жасөспірімдер тәуелсіз болғысы келеді, осыған байланысты, олар ата-аналарының және ересектердің кеңестерін елемейді (тәуелсіздікке ұмтылу – жас адамның осы кезеңіндегі маңызды мақсаттарының бірі екендігін айта кету қажет. Тәуелсіздік оны ересектер өміріне дайындайды.)
- Топтардың замандастарын қабылдауы ата-аналардың және жақындарының қолдауы сияқты маңызды аспект (замандастарымен жиі байланыста болу жастардың дұрыс қоғамдық дамуы үшін өте маңызды екендігін түсіндіру қажет. Алайда бұндай байланыстар нақты қауіптер әкеледі, оларсыз баланың дұрыс қоғамдық дамуы мүмкін емес).
- Іс-қимылдың жаңа нысандарымен (жиі тәуекелді) сынақтар жасөспірімдік жастағы дамудың бөлінбес бөлігі болып табылады (жаңа іс-қимылмен сынақтар жасау үшін жаңа өмірлік рөлдерге үйрету үшін қажет және жастарға осы кезеңде өте күшті қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жаңа тәжірибе алуға мүмкіндік беретінін айта кету қажет).
- Жасөспірімдерге тәжірибе жетпейді, ал олардың осы жастағы өздерінің іс-әрекеттерінің салдарын болжау мүмкіндіктері шектеулі (жасөспірімнің өтпелі кезеңде екендігін атап өту қажет. Сондықтан, оның кейбір қызметтері ересек адамдар сияқты дамыған (мысалы, абстракты ойлау, ал кейбіреуі толық дамымаған (мысалы, салдарын көруге). Дәл сондықтан бұл кезеңде денсаулыққа және қауіпсіздікке тәуекелді іс-әрекеттердің саны өседі).

Дамудың көрсетілген барлық сипаттамалары бір жағынан өтпелі жас үшін әдетті, екінші жағынан жастардың теріс іс-қимылдарының пайда болу қаупіне әкеледі. Балаларының қауіпсіздігі және дұрыс дамуы туралы уайымдайтын ата-аналар, олармен сөйлесуді және қиын жағдайда эмоциялық қолдау жасауды біледі, үйде зорлаусыз тәртіпті қамтамасыз етеді, балалардың бекітілген тәртіпті қалай сақтауы қажет екендігін және қандай отбасында қандай моралдық және рухани құндылықтарды барын түсіндіреді, сондай-ақ баласының бос уақыты кезінде кіммен өткізетінін байқайды және өзінің өсіп келе жатқан балаларын көптеген тәуекелді шешімдерді қабылдаудан сақтауға тырысады. Мысалы, ата-аналардың өсіп келе жатқан баласының бос уақыттағы іс-қимылын бақылауы және ағымдағы мәселелерді шешу кезінде қолдау жасау, мектепте немесе аулада «қиын» замандастарының теріс әсер етуіне кедергі бола алады. Осылайша, ата-аналар баласының тәуекелді іс-қимылының үлгісінің дамуын шектей алады, оның ішінде: басқыншылықты, темекі шегуді, ішімдікті немесе есірткіні қолдануы.

Қорытынды (10 минут)

Сынып жетекшісі үш кездесудің қорытындысын шығарады. Ол отбасындағы жақсы қарым-қатынастардың және ата-аналардың балаларының іс-қимылдарындағы өзгерістеріне ұқыпты қарауының (ескерту дабылдары) мәнін ерекше атап өтеді. Одан кейін ол әрбір қатысушы кезекпен келесі сөйлемді жалғастырып, өз ойын айтуды сұрайды:

„Осы ата-аналарға арналған сабақтарға қатысу мен үшін өте маңызды болды, өйткені ”

№ 1 Қосымша

Алаңдаушылық тудыратын мінез-құлық

Сіздің балаларыңыздың мінез-құлқын бақылай отырып, сіз, сіздің алаңдаушылығыңызды туғызатын белгілерін аңғара аласыз. Төмендегі кестеде психобелсенді заттарды тұтыну немесе баланың өміріндегі қандайда бір басқа проблемалар туралы куәландыра алатын алаңдаушылық тудыратын мінез-құлықтың мысалдары келтірілген. Осы белгілердің қандайда бір пайда болуының өзі баланың байыпты проблемаларының болуы туралы пайымдаудың жеткілікті негіздеуі болып табылмайды. Егер де сіз бірнеше белгілерін аңғарсаңыз, онда бұл қандайда бір жамандықтың болып жатқандығының ескертушілік сигналы болуы мүмкін.

Алаңдаушылық тудыратын мінез - құлық

- Үлгерімділіктің нашарлауы (жаман бағалар, «қалдықтар»).
- Сабақтарды өткізіпалу, қашу.
- Жастар алкоголь ішетін, темекі шегетін немесе қандайда бір басқа психобелсенді заттарын тұтынатын компаниясында болуы.
- Достардың жаңа компаниясының пайда болуы (әсіресе, егер бала мектептегі үлгерімділігі нашар балалармен араласа бастауы) және жаңа достары туралы кез келген әңгімелерден қашуы.
- Нашар мінез-құлқы, әсіресе тұрақты өтірік айту, жақындарына деген жаға жыртас қатынас және ашушаңдық.
- Өмірлік энергиясының болмауы немесе азаюы және белсенді әрекет жасау қабілеті.
- Қосымша мабақтарға және хоббиге қызығушылығының анық жоғалуы.
- Марихуананы шегу, алкоголь және қауіпті мінез-құлықтың басқа да нысандарын насихаттайтын мақалаларына, ұрандарына, музыкалық топтарына күшті қызығушылығы.
- Сіз немесе баланы қоршайтын ересектердің алкоголь, сигареталар немесе есірткілер тақырыбына қозғайтын әңгімелесу уақытындағы ашық жаугершілік.
- Жадыдағы алаңдаушылық туғызатын жоғалтулар, әлсіз мұқияттылық, қызыл көздер, анықсыз сөздері, көз шарынының саналы емес кеңеюі/тарылуы, асқынған улану симптомдары.
- Күдік туғызатын иістер: спирттік ішімдік, желім, темекі немесе марихуана түтіні.

№ 2 Қосымша

ОТБАСЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

Ұсынылатын ережелер:

- Біздің отбасы мүшелеріміздің ешқайсысы алкоголь ішкен жүргізушісі бар машинаға отырмайды
- Үлкен аға және апалары алкоголь және темекілерді кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге бермейді
- Балалар ата-аналарына немесе отбасының басқа да ересек мүшелеріне алкогольдік ішімдіктерді әкелмейді, сатып алмайды және дайындамайды
- Балалар ата-аналарында бар темекілерді шегуге және алкогольді ішуге құқығы жоқ
- Балалар он сегіз жасқа дейін алкогольді ішпейді
- Біздің отбасы мүшелерінің ешқайсысы есірткіні тұтынбайды
- Ата-аналар және отбасының ересек мүшелері балалар бар бөлмелерінде темекі шекпейді.

	Отбасылық Қауіпсіздік Ережелерінің тізімі (ата-аналар толтырады)
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	

№ 3 Қосымша

ЖЕДЕЛ ОТБАСЫЛЫҚ АРАЛАСУ ЖОСПАРЫ

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

Егер сізге, сіздің балаңыздың қандайда бір психобелсенді заттарына салынғандығы белгілі болсаңыз немесе сенімді болсаңыз (темекі шегеді, алкогольдік ішімдіктер ішеді немесе есірткі тұтынады), жедел шараларды қабылдаңыз.

1-ші қадам. Баламен әңгімелесу

1. Жағдайды анықтап алыңыз – сіздің әңгімеңіздің себебін түсіндіріңіз:

„ Мен сенімен сөйлескім келеді, өйткені:

- Менде, сенің алкогольдік ішімдіктерін ішетінің/темекі шегетінің/есірткі тұтынатының жайлы күдік бар. Бұл мені өте алаңдатады, сондықтан мен сенімен мұқият сөйлескім келеді.

(немесе)

Маған, сенің алкогольді ішетінің/темекі шегетінің/есірткі тұтынатының туралы белгілі болды. Мен сен жайлы және сенің болашағың жайлы алаңдаймын, сондықтан маған сенімен бірге осы тақырыпта маңызды әңгімелесуім керек.”

2. Жағдайға үйрену – мүмкіндігінше проблеманың ауқымын бағалаңыз.

• Баладан оның өмірі жайлы көбірек ақпаратты алуға тырысыңыз. Оның араласу ортасымен қызығыңыз, оның үйден тыс немен шұғылданатыны жайлы біліңіз, немен қызығатыны, оның мектептегі проблемасының бар немесе жоқтығы, қандай жағдайында темекі шегу, алкоголь тұтынуға барғандығы жайлы және бұның қаншалықты жиі орын алатыны туралы біліп алыңыз.

• Сіздің баланы бақылауыңыздың осындай тәсілімен жинаған ақпаратты және оның үйдегі мінез-құлқын, мектептен және басқа да көздерінен келетін ақпаратымен салыстырыңыз.

3. Өзіңіздің реакцияңызды көрсетіңіз - (әрбір жағдайда: және сіз үшін баланың не нәрсеге салынғандығы және бұның тек қана сіздің күдігіңіз екендігі туралы белгілі болған жағдайда)

• Баланың есірткі қабылдауы себебі бойынша өзіңіздің алаңдаушылығыңызды білдіріңіз (алкоголь, темекі шегу);

• Оған сіздің аңғарған өзгертулеріңіз туралы хабарлаңыз, мысалы, үлгерімділікте, сыртқы келбетінде немесе баланың мінез-құлқында;

• Балаға аталған психобелсенді заттарын тұтынумен байланысқан денсаулық және оның қауіпсіздігі үшін қауіптіліктердің кері салдары туралы толық айтып беріңіз;

• Балаға, кәмелеттік жасқа толмаған тұлғасымен темекі шегу немесе алкоголь ішу құқық бұзушылық екендігін ерекше атап өтіп, мүмкіндікті заңды салдары туралы айтып беріңіз.

• Балаға, алкогольді тұтыну немесе темекі шегу туралы өзіндікті шешімін оның ересек және дербес адам болған кезінде ғана қабылдай алатыны туралы хабарлаңыз.

• Балаға, ұл баланың/қыз баланың аталған психобелсенді затын тұтынуды доғаруын міндетті түрде талап ететініңіз туралы хабарлаңыз (алкоголь, темекі, есірткілер)

• Балаға, сіздің қабылдайтын шаралар туралы және олардың қандай салдары болатыны туралы хабарлаңыз.

№ 4 Қосымша

Ақпарат Ұйымдар тізімдемесі – темекі, ішімдік, есірткі		
Р/н	Ұйым атауы	Мекенжайы және телефон
1.		
2.		
3.		
4.		
5.		
6.		
7.		
8.		
9.		
10.		
11.		
12.		
13.		
14.		
15.		

Ата-аналарға арналған сауалнама

Мектеп және сынып Орны және күні

Аталған зерттеу анонимді. Сізге қол қою қажет емес және сіздің жауаптарыңыз бағаланбайды. Мұнда дұрыс/қате жауаптар жоқ. Барлық жеке жауаптар дұрыс болып табылады және нашақорлықтың алдын алу бойынша жобасын іске асыруда көмектеседі. Өтініш, әрбір сұраққа тек қана бір жауапты таңдаңыз таңдаңыз.

Өтінімнің жауабын мұқият оқыңыз. Сіздің шынайы жауаптарыңыз біздің жобамыздың ең үздік бағасы болып табылады.

Егер сіз бірдеңені түсінбесеңіз, көмекке жүгініңіз. Сіздің көмегіңіз үшін алғыс айтамыз!

1. Соңғы 7 күн ішінде, орташа алғанда сіз әр күні баламен бірлесе отырып бір нәрсені жасау немесе сөйлесуге қанша уақыт жұмсадыңыз?

Өтініш, ұсынылған 7 жауаптың ішінен тек қана бір жауапты таңдаңыз (1 -ден 7 дейінгі бір санды дөңгелекпен бөліп алыңыз)

- | | |
|--|--|
| 1/ Мүлдем уақыт өткізген жоқпын | 5/ 2 сағат немесе одан да көп, бірақ 3 сағаттан аз |
| 2/ 30 минуттан кем | 6/ 3 сағат немесе одан да көп, бірақ 4 сағаттан аз |
| 3/ 30 минут және одан да көп, бірақ 1 сағаттан аз | 7/ 4 сағат және одан да көп |
| 4/ 1 сағат немесе одан да көп, бірақ 2 сағаттан аз | |

2. 2. Өтініш, сіз қаншалықты дәрежеде тиісті торға таяқшаны қоя отырып төменде келтірілген өтініммен келіскендігіңізді белгілеңіз (әрбір қатарда тек қана бір таяқшаны қоюға болады)

	Анықталды ИӨ	Ең дұрысы ИӨ	ИӨ және ЖОҚ	Ең дұрысы ЖОҚ	Анықталды ЖОҚ
1. Мен әрдайым менің баламның кіммен және қайда бос уақытын өткізетінін білемін.	1	2	3	4	5
2. Менің балам оның алкогольдік ішімдіктерге қатысты қандай ережелерін сақтау керектігін біледі	1	2	3	4	5
3. Әдетте мен баламмен сөйлесуге, оған назарды бөле отырып және оған қызығушылық таныта отырып кемінде 15 минут бөлемін	1	2	3	4	5
4. Мен өзімнің баламмен жиі әңгімелесуім керек	1	2	3	4	5
5. Мен өзімнің баламмен темекі шегу немесе алкогольдік ішімдіктерді ішудің салдары тақырыбына әңгімелесемін	1	2	3	4	5
6. Жаза – бұл үздік тәрбиелеу шарасы	1	2	3	4	5
7. Мен, менің баламның тәртібінің соңғы уақытта өзгергендігін және ол бұдан әрі тәуелсіз және дербес болуын қадамдар жасағанын аңғардым	1	2	3	4	5
8. Егер менің баламда алкогольмен проблемалары туындаса, мен, көмекті қайдан сұрау керектігін білемін	1	2	3	4	5
9. Белгілі бір жағдайларында әрбір жас адам алкогольді іше алады	1	2	3	4	5
10. Мен, менің баламның ешқашан алкогольді ішімдікті тұтынып көрмегендігіне сенімдімін	1	2	3	4	5
11. Көптеген жағдайларында мен өзім баламмен әңгімелесуді бастаймын	1	2	3	4	5
12. Әдетте менің балам менімен бірге өзінің проблемаларымен бөліседі.	1	2	3	4	5
13. Біздің отбасымызда алкогольді ішімдіктерді қалай және қашан тұтынудың ережелері белгіленген	1	2	3	4	5

3. Егер де мен, менің баламның алкогольді ішкенін, есірткіні тұтынғандығын білген болсам, онда: (Өтініш, ұсынылған 2-ден тек қана бір жауапты таңдаңыз - 1-ден 2 дейінгі бір санды дөңгелекпен белгілеп алыңыз).

1/ мен, ең алдымен, оның бұдан кейін бұны жасамауы үшін онымен бірге сөйлесіп алар едім

2/ мен, ең алдымен баланы жазалар едім

4. Баланың жынысы 1/ ер 2/ әйел

5. Жасы

6. Туысқандық дәрежесі 1/ анасы/атасы 2/ басқасы

7. Балалар саны